

## **Таран ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күшін жою туралы**

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 132 қаулысы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31, 37-баптарына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес Таран ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Өтеулин*

Таран ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 15 сәуірдегі  
№ 132 қаулысына қосымша

## **Таран ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі**

1. Таран ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 тамыздағы № 315 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3829 тіркелген, 2012 жылғы 20 қыркүйекте "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

2. Таран ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 119 "Аудан әкімдігінің 2012 жылғы 7 тамыздағы № 315 "Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4706 тіркелген, 2014 жылғы 22 мамырда "Маяк" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

3. Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 286 "2016 жылға халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6059 тіркелген, 2015 жылғы 24 желтоқсанда "Шамшырақ-Маяк" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы;

4. Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 308 "Аудан

әкімдігінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 286 "2016 жылға халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6133 тіркелген, 2015 жылғы 28 қаңтарда "Шамшырақ-Маяк" аудандық газетінде жарияланған) қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК